

Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілу күні: 02.04.2021ж

Уақыты: 17.00

Өткізілу түрі: ZOOM платформасы (он-лайн)

Қатысушылар – педагогикалық ұжым (тізім бойынша)

Кеңес төрағасы – Г.О.Мукашева

Хатшы- А.П.Сарсенова .

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайы.

Г.Ж. Райымкулова, Г.Т. Максимова- әлеуметтік педагог

2. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі-оқу мен оқытудың тиімділігін арттыру негізі

А.Т.Ешкеева- оқу-әдістемелік жұмыс орынбасары

3. Рухани жаңғыру: тәрбие саласындағы ата-ананың ролі.

Б.И.Жасағанбергенова –тәрбие жөніндегі орынбасары

4. Білім алушылардың оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын ағымдағы бақылау қорытындыларының сапасын және білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою бойынша жүргізілген жұмыстарды талдау.

Ж.К.Жаржанова, А.А.Рыспаева- оқу-ісі орынбасарлары

5.«№6 Хромтау гимназиясы» КММ ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру.

Г.О.Мукашева- гимназия директоры.

1.Г.О.Мукашева- гимназия директоры.

Алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған (№3 хаттама.10.01.2021 ж) шешімдердің орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды қорытындылады.

2020-2021 оқу жылының III тоқсанындағы оқу-тәрбие процесін карантин жағдайына байланысты санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар талаптарын сақтай отырып 1-4,5,9,11 сыныптардағы кезекші сыныппен оқыту жағдайы мен 6-8 сыныптарды қашықтан оқытылуын ұйымдастыру жағдайына талдау жасады.

2021 жылдың 10 қаңтарында өткен педагогикалық кеңестің №3 хаттамамен қабылданған шешім бойынша жаратылыстану пәндерінағылшын тілінде оқытуда замануи педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы тілдерді деңгейлік үйрету, терминдерді меңгертуде тәрбие мен оқытуды кіріктіру бағыттарындағы атқарылған жұмыстарға шолу жасап, әлдеде сабақтың сапалы жүргізілуін жандандыру бойынша ескертулер жасады.

Сонымен бірге гимназиядағы құқықбұзушылықтың алдын алу, білім алушылардың тәртібін нығайту жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін атап өтіп, әлде де атқарылатын жұмыстар туралы нұсқаулар берілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі тәрбиелік кездесулер мен шаралардың он-лайн режимінде жүйелі ұйымдастырылуын бақылау алу туралы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Б.И.Жасағанбергеноваға және сынып жетекшілеріне ескертті.

Штаттық форматта ұйымдастырылған 9,11 сыныптағы білім алушылардың білім шығындарының орнын толтыру үшін жеке консультациялардың ұйымдастырылғанын және пән мұғалімдерінің бір пәннен «3», «4» ке шыққан білім алушыларды сақтық шараларын сақтай отырып мектепке шақырып, жеке қосымша жұмыстар жүргізгендерін атап өтті

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Г.Т. Максимова- әлеуметтік педагог